

«Айгөлек» бөбекжайы» КМҚК

Хаттама №1

Ата-аналар жиналысы

08.08.2023ж.

Қатысқаны-56 адам

Төрайымы – директор Г.Т. Ибышева

Секретарь – Б.В. Машурбекова

Күн тәртібі:

1. Жаңа 2023-2024 оқу жылының жоспарлары
2. Балабақшаның ішкі тәртібі
3. Кезекші топ жайында
4. Сұрақ-жауап

ТЫҢДАЛДЫ: «Айгөлек» МДБМ директоры Г.Т. Ибышева, ол бүгінгі жиналыс күн тәртібімен таныстырды

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Бірінші сұрақ бойынша «Айгөлек» бөбекжайы» КМҚК әдіскер С.Ж. Тилеубек ата-аналарға жаңа 2023-2024 оқу жылына қойылған міндеттерді атап айтты.

- мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;

- тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;

- сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;

2023-2024 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сай жұмыстар жүргізілетінін ашып айтты, сондай-ақ балабақшада оқу-тәрбие жұмыстарын заман талабына сай жүргізу, баланың денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелерін тиімді шешу медициналық және педагогикалық қызметкерлердің бірлескен нәтижелі еңбектеріне байланысты екендігін айтты. Осындай мәселені шешу барысында біздің анықтағанымыз, баланың денсаулығын нығайтуда және аурудың алдын-алуда тек қана баланың қимыл белсенділіктерін көтеру өте аз, сонымен қатар шынықтыру шараларын жүйелі өткізу керектігін. Біз осы мақсатқа жетілдіру үшін балабақша педагогтар мен бірлесе отырып әр топқа бала жасына сай жұмыс түрлерінің жүйесін сақтай отырып, жоба құрылғанын, Басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізілетіндігін ашып айтты.

Екінші сұрақ бойынша ата-аналарға балабақшадағы ішкі тәртіп туралы мынандай талаптар қойылатын атап айтты.

1) тәрбиеленуші ауырған, денсаулық сақтау және басқа ұйымдарда емделген, сауықтырылған, денсаулығын түзеткен және оңалтылған (көрсетілімі бойынша анықтама және қорытынды ұсынған жағдайда) кезде;

2) тәрбиеленушінің ата-анасының бірі немесе заңды өкілі тәрбиеленушінің жылына екі айдан артық емес мерзімде демалысқа немесе емделуге жазбаша өтініш ұсынған жағдайда;

3) елді мекенде төтенше жағдай (әлеуметтік, табиғи, техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар), карантин енгізілген кезеңде сақталады.

1) мектепке дейінгі ұйым мен тәрбиеленушінің ата-анасының немесе өзге де заңды өкілінің арасындағы шарттың талаптары бұзылған;

2) тәрбиеленуші бір айдан астам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескертпей, мектепке дейінгі ұйымға келмеген;


3) дәрігерлік консультациялық комиссия анықтамасының негізінде тәрбиеленушінің келуіне кедергі болатын медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда шығарылады. Сонымен қоса балабақшаға уақытпен келіп, күн тәртібін сақтау керектігін ескертті.

ТЫҢДАЛДЫ: үшінші мәселесі бойынша педагог- психолог Б.В. Машурбекова ата--аналарға кезекші тойы құру барысында қандай талаптар қойылғанын, сонымен қоса ата-аналарға сауалнамалар алып, қанша ата-ана келіскендері мағұлмат берді. Осы жүйе арқылы кезекші топтардың ашылу немесе ашулмауы туралы толық ақпараттын анықталмағанын айтты.

#### ШЕШІМІ:

Берілген ақпаратты орындалуын қадағалау.

Төрайым:



Г.Т. Ибышева

Хатшы:



Б.В. Машурбекова